

**Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің
Отын-энергетика кешені мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңесі бірінші отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.

2025 жылғы 1 сәуір
сағ. 16:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы.

Төрағалық етті: Қазақстан Республикасының Энергетика министрі – Е.Қ. Ақкенженов, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің аппарат басшысы – Ж.Ш. Жарылғасова.

Қатысқандар: тізім бойынша.

**1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің
Отын-энергетика кешені мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңесінің
төрағасын сайлау**

(Жарылғасова Ж.Ш., ҚК мүшелері)

1.1. Қоғамдық кеңес төрағасы лауазымына үміткерлердің (ҚК мүшелері, «Zoom» арқылы – Әбілдаев А.С., Улабеков А.Е.) ақпараттары назарға алынсын;

1.2. Отырыста Қоғамдық кеңес мүшесі Ж.К. Бөкенбаевтың қатыспағандығы атап өтілсін;

1.3. Дауыс беру қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңестің төрағасы болып **Жақып Ғалиұлы Хайрушев** тағайындалсын.

**2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің
Отын-энергетика кешені мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңесінің
хатшысын тағайындау**

(Жарылғасова Ж.Ш., ҚК мүшелері)

2.1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Отын-энергетика кешені мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңесінің хатшысы болып ҚР Жұртшылықпен өзара іс-қимыл департаментінің хатшысы **Фазыл Төлегенұлы Төлеген** тағайындалсын.

**3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің
Отын-энергетика кешені мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңесінің
2025 жылға арналған Жұмыс жоспарын және Ережені талқылау**

(Жарылғасова Ж.Ш., ҚК мүшелері)

3.1. Қоғамдық кеңес мүшелерінің Ереже жобасын пысықтау жөніндегі ұсынымдары Қоғамдық кеңестің тұрақты жұмыс органдарын келесідей түрде құру бөлігінде ескерілсін:

3.1.1. Электр энергетикасы мәселелері жөніндегі комитет;

3.1.2. Мұнай-газ саласы мәселелері жөніндегі комитет.

3.2. 2025 жылға арналған Жұмыс жоспарына және Қоғамдық кеңестің ережесіне а.ж. 18 сәуіріне дейінгі мерзімде ұсыныс енгізілсін.

3.3. Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы а.ж. 25 сәуіріне дейінгі мерзімде өткізілсін.

Аппарат басшысы



Ж. Жарылғасова

